**«АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ»**
**ҚОСЫМША (MINOR) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Кімге арналған:** «Адам ресурстарын басқару» (Minor) бағдарламасы

**Өзектілігі:** Бағдарлама білім алушыға басқаруды құқықтық мәселелер қырынан білім беруді қарастырады.Осы басқаруды құқықтық реттеу бағыты бойынша кәсіби біліктілікті беру үшін қажет жағдайларды қамтамасыз ету.

**Негіздеме:** Еңбек нарығында сұранысқа сай кәсіби өсуге ынталы,тұтыну нарығына бейімделген, бәсекеге қабілетті жаңа сападағы басқаруды құқықтық реттеу қосымша бағдарламасы бойынша персоналды басқару бөлімінің маманы «Адам ресурстарын басқару» біліктілігіне дайындау және беру:

- басқарудың құқықтық формалары туралы түсінік қалыптастыру;
- еңбек қатынастарына қатысты ҚР-ның заңнамаларын оқыту;
- ұйымдарда құқықтық шарттарды, еңбек шарттарын жасау мәселелерін меңгерту;
- адам ресурстарын басқару және ішкі нормативтік актілерді даярлауға үйрету;
- еңбек заңнамасына сәйкес кадрлық жұмыстарды жүргізуге үйрету.

**Мақсаты:** Білім беру бағдарламасыбойынша білім алушы корпоративті басқаруды құқықтық реттеудің негізгі тұжырымдамалары, институттары мен қағидаттарын меңгереді, еңбек қатынастарына қатысты ҚР-ның заңнамалық құжаттарымен танысады. Бағдарлама аясында білім алушыға көрсетілген пәндердің шеңберінде адам капиталын басқару, ҚР-ның құқықтық басқару әдістері, келісімшарттар жасау, нормативтік актілер даярлаужөнінде білім беріледі. Алған білімдері бойынша кадрлық саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатыса алады, ішкі нормативтік актілерді дайындайды, қызметкерлерді іздеу және оларды іріктеуді ұйымдастырады. Бұл бағдарлама бойынша білім алған студентперсоналды басқару бөлімінің маманы болып қызмет атқара алады.

**Бағдарламаның сипаттамасы:**

1. «Адам ресурстарын басқару» (Minor) бағдарламасы 3 пәннен тұрады, әр пән 5 кредит, қорытындысында білім алушы 15 кредит меңгеруі тиіс.
2. «Адам ресурстарын басқару» (Minor) бағдарламасы пререквизиттерді қажет етпейді.
3. Бакалавр дәрежесі үшін несиелер саны өзгеріссіз қалады-240 кредиттен кем емес.

**Бағдарламаның мазмұны:**

| Пән атауы | Пәннің сипаттамасы | Қалыптасатын оқыту нәтижелері |
|---|---|---|
| Азаматтық құқық | «Азаматтық құқық» курсының негізгі мақсатықұқықтық жағдаяттар туралы терең де кешенді ұғым беру мен оның аясында дұрыс бағыт ұстау біліктілігіне үйрету. Өзара байланыс пен қарым-қатынастағы құқық үрдісін, оның адамдар өміріне әсер ету ерекшеліктерін көрсету. Заңды түрде маңызы бар тәртіптерді, оларға себеп болар мүдде мен құқықтық жазбалардағы ережелерді саналы түрде сақтау мен қамтамасыз ету механизмін ашу. | ОН 1 – Әлеуметтік, этникалық, діни және мәдени айырмашылықтарға төзімділікке тәрбиелеу, коммуникативтілік, көшбасшылық және шығармашылық қабілеттерін көрсету;<br>ОН 2 – Сыни талдау негізінде әлемдік тарих контекстіндегі тарихи оқиғалар мен құбылыстарға өзіндік көзқарас қалыптастыру;<br>ОН 3 – Мемлекет тарихын кезеңдер бойынша оқыту негізінде Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы саяси – әлеуметтік және экономикалық рөлін бағалай білу. |
| Персоналды басқару | Студенттердің жалпы менеджмент теориясын меңгеруі, яғни персоналды қазіргі заманауи басқару ойы қалыптасқан, тәжірибелік басқарушы және басқарушылық қызметті жүзеге асырушы ретінде қалыптастыру болып саналады. Саяси және әлеуметтанулық теориялардың дамуы; саясаттану мен әлеуметтанулық зерттеулерді практикалық тұрғыдан қолдану және әдістерін кәсіби мәселелерінің шешімдерін табуға қажетті шығармашылық білімдермен қаруландыру. | ОН 1 – Әлеуметтік, этникалық, діни және мәдени айырмашылықтарға төзімділікке тәрбиелеу, коммуникативтілік, көшбасшылық және шығармашылық қабілеттерін көрсету;<br>ОН 2 – Мемлекет тарихын кезеңдер бойынша оқыту негізінде Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы саяси – әлеуметтік және экономикалық рөлін бағалай білу. |
| ҚР еңбек құқығы | “ Еңбек құқығы ұлттық құқық жүйесінің дербес, бөлек зерттелетін саласы болып табылады. Осы оқу курсы шегінде Қазақстан мен шетел мемлекеттерінің халықты жұмыспен қамту, еңбек қатынастарына еңбек заңнамасын қолдану, әркімнің өмірін, денсаулығын сақтауға бағытталған құқықтық тәсілдер студенттермен игеріледі. Мемлекеттік қызмет саласына және экономикалық салаға қатысты қызметкерді жұмысқа (қызметке) қабылдау, | ОН 1 – Әлеуметтік, этникалық, діни және мәдени айырмашылықтарға төзімділікке тәрбиелеу, коммуникативтілік, көшбасшылық және шығармашылық қабілеттерін көрсету;<br>ОН 2 – Мемлекет тарихын кезеңдер бойынша оқыту негізінде Қазақстанның әлемдік |

| | | |
|---|---|---|
| | еңбек шартын және басқа да әлеуметтік келісімдерді жасау, жалақы төлеу, жұмыс және демалыс уақытын айқындау, материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, уәкілетті мемлекеттік органдардың уәкілеттілігін зерттеу және еңбек дауларын қарауға қатысты мәселелер зерттеледі. | қауымдастықтағы саяси – әлеуметтік және экономикалық рөлін бағалай білу. |